

## 4 модуль

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ПСИХОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920-1945)

## 6 дәріс. XX ғ. алғашқы ширегіндегі қазақ психологиялық ой-пікірлері

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1937) XX ғасырдың басындағы қазақтың қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-әдеби өміріне белсене араласып, туған халқына ізгілік пен имандылық, ғылыми ағартушылық идеяны тарату жолында ұлы Абайдың ұлттық нақышқа толы пәлсапалық-психологиялық дәстүрін әрмен қарай жалғастырып, халқына мол мәдени мұра қалдырған ғұлама. Шәкәрім шығармаларында адамның жан сыры, психологиясы туралы айтылған сындарлы ғылыми пікірлер көптеп кездеседі. Мәселен, ақынның психологияға байланысты көзқарасын «Анық пен танық», «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты» т.б. шығармаларынан кездестіреміз. Бұларда ғұлама адамдарға сыртқы дүниенің, қоршаған табиғаттың жұмбақ сырын ұқ, танып-біл, оның өлшеусіз байлығын мұратына, қасиетіңе жарат, бұл үшін алла тағала адамға ми берді, білу, нану, ұғыну, тану – бәрі ақыл ісі, олар мидан шығады деп тұжырым жасайды.

Шәкәрім адам жанының әр түрлі жағдайда көрінетінін айтады. Өзінше бұлардан орысша-қазақша термин жасағысы келді. «...Инстинкт – сезімді жан, сознание – аңғарлық жан, мысль –

ойлайтын жан, ум – ақылды жан» дегендей әр түрлі қасиеттерді тізбектейді. Дене әр түрге түскен сияқты жан да өсіп, өніп, жоғарылайды... толық терең ақыл адамнан шығады... Совесть (ұждан) – жанның тірегі... ми, жұлын... – жанның тұрағы, ол бұзылса, электрия сияқты ми да кетеді, дейді.

Ақын ми қызметі адамның сезім мүшелерінің әрекеті арқылы іске асады дей отыра, кісінің ойға алған ісін жүзеге асыруы, оның әділетті, әділетсіз болуы, ізгілікті қууы немесе жауыздық жолға түсуі, ақыл мен жүректің қызметі екендігін дәлелдегісі келді. «мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таң қаламын... жанның барлығын, өлген соң да жоғалмайтындығына... қаныа қалған әдет,.. ақыл ісі ме?... Жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды». Сондықтан ақыл мен жүректің жетегіндегі адам тіршіліктері барлық нәрсені сарапқа салып, байыбына барып, терең ойлар, топшылап ақылмен іс қылу, адамдықтың басты парызы дейді.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде педагогика, психология саласында өздерінің соны да сындарлы пікірлерімен көрінген қазақ ғұламаларының ішінде М.Ж. Көпеев (1857-1931) ерекше орын алады.

Дін оқуынан мейлінше сусындап, кейіннен белгілі фольклоршы-публицист атанған шежіреші ақын М.Ж. Көпеев Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде-ақ әр түрлі тақырыпта бірнеше кітап жазып шығарған. Бұларда тәлім-тәрбие, педагогика, психология мәселелері, атап айтқанда, сезім мүшелері, ми мен

жүрек, қиял, ойлау, бала мен үлкендердің қарым-қатынасы, әйелдерге білім беру т.б. қатысты ой-пікірлер көптеп кездеседі.

М.Ж. Көпеев айналадағы дүниені танып-білу үшін көз бен құлақтың зор маңыз алатынына тоқталады. Көз мимен жалғасып жатады. Ол миға сыртқы дүниедегі әр түрлі нәрселерден ақпарат әкелуші дәнекер рөлін атқарады. Танымның келесі бір түрі адамның бір көрген нәрсесін қайта жаңғырту қабілеті. Бұл сырттан келген нәрсенің бәрін жазып отыратын хатшы іспеттес аппарат. Танымның үшінші түрі – аппараттың дұрыс-бұрыстығын тексеріп, бақылаушы мидың әрекеті. Төртінші түрі – кісінің көрген-білгеніне қоса көрмегенін де тануға жәрдем беретін ішкі танымның, яғни қиялдың мазмұнымен үйлесіп келеді. Қиял неғұрлым ұшқыр да, аумақты болса – таным соғұрлым тереңдей түспек.

Ғұмар Қарашев (1876-1921) қазақтың рухани мұрасының дамуына елеулі үлес қосқан, педагогика, психология ғылымдары саласында сындарлы ой-пікір айтқан ғұлама тәлімгер ақын, кезінде ишан, ахун, қазы атанғанымен, өмірінің соңғы жылдарында ол ағартушылық жолға түседі. Оның демократиялық көзқарасының қалыптасуына 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық төңкерісінің, сондай-ақ орыс, қазақ ағартушы-демократтарының идеялары елеулі әсер етеді.

Ғ. Қарашев тіл үйрену, білім алу мәселелеріне ерекше маңыз береді. Бұл жайында ақын пікірлерін қысқа да нұсқа афоризм түрінде келтіріп отырады. Олар: Тіл – көңілдің ашқышы. Көңіл – жарық, жан – қия. Білім – бақтық. Қараңғыда жол қия.

Ол адамның мінез-құлқын қалыптастыруда еңбектің маңызына ерекше мән береді, кімде-кім өзінің мінезі және істейтін жұмысы туралы ылғи да ойланбай тұра алмайды, адал іс-әрекет үстінде өсіп-жетіледі, мінез-құлықты дұрыс қалыптастыру үшін жалаң ой мен жел сөзден аулақ болып, бала тәрбилелеу ісіне ерекше көңіл аудара қарап, ақтара тексеріп отыру қажет, «ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынаны істеуге болмайды деп үйретуге тиіс» дейді. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету тәрбиенің басты шарты.

Ғ. Қарашев жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде мұғалім негізгі тұлға екенін әркез естен шығармайды. Ол мұғалімге қойылатын талап-тілекке оқыту, үйрету, тәрбиелеу ісіне жеңіл-желпі қарамай, оған аса жауаптылық пен тиянақтылық керек екенін ескертеді.

А.Байтұрсынов (1873-1937) оқу-ағарту, тәлім-тәрбие саласында артына аса бай мұра қалдырды. Ол психология ғылымы саласында да өзіндік қолтаңбасымен дараланады. Ғалымның тіл мен сөйлеу психологиясы жайлы айтқандары да аса мәнді. «Тілдің міндеті, - деп жазды ол, - ақылдың аңбауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйінін түйгенінше айтуға жарау... Сөз көңілге сипат жағының көркемдігімен, сөз мағына жағының күштілігімен жағады... Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады...»

А. Байтұрсыновтың психология ғылымының төңірегінде ой қозғаған терең мәнді, салиқалы пікірлері «Әліппе – таңбалар жұмбағы» дейтін еңбегінен елеулі орын алған. Мұнда ол арап

әрпінің латын таңбасынан әлдеқайда ұғынуға тез жазып, миға тоқуы жеңіл екендігін психологиялық тұрғыдан дәлелдеп береді. Мұнда екі таңбаның қайсысымен басылған, иә жазылған сөз оңай оқылады, бұлардың қайсысымен жазылғанын тану жеңіл, қайсысы сыйымды, қайсысы көркемдік, сондай-ақ көруге көзге жайлылығы жағынан қайсысы артық денегдей психологиялық жайттарға тоқталады.

Әлихан Бөкейхановтың (1866-1937) әр жылдары түрлі тақырыптың төңірегінде жазған шығармаларынан ұлт психологиясына қатысты, сондай-ақ психология ғылымының кейбір теориялық қағидалары мен түйіндерді көптеп кездестіруге болады.

Ә. Бөкейханов еңбектерінде адамның тіршілігі үшін іс-әрекетпен айналысу жайы, бұл жолда оқу-білім, шеберлік, айла-тәсіл, дағдының қажеттігі ерекше сөз болады. «Адам баласы, - дейді ол, - үнемі ізденіс үстінде, жалықпай, талмай, әрекет еткенде ғана мақсатына жете алады, өмір үнемі күрес, бірлесіп тіршілік ету, бұл үшін шеберлікке, айла- тәсілге жетілу қажет,, Кім шебер болса, жалықпай-талмай ізденсе, бірігіп, тізе қосып іс қылса, ғұмыр бәйгесі соныкі...

Туған халқы үшін қызмет ету – азаматтық қасиет, абыройлы іс. Ол үшін оңы мен солын жақсы аңғаруы, білім-ғылымды терең меңгеруі тиіс. Сонда ғана оның адамшылығы да, ақыл-ой өрісі де өз дәрежесінде болады, сөзі мен ісі бір жерден шығатын болады. Ақылды болу сондай қиын. Ол үшін көп оқып, зейінді болса кісі білімді болады.

Міржақып Дулатов (1885-1935) қазақ арасында көбінде көзге түспей, түссе де еленбей жүрген ғылым-білімге, өнерге, зерек, дарынды балаларды оқытып-тәрбиелеудің мәні жайында сөз ете келіп, дарындылықтың кейбір табиғи астарларына үңіледі. «Туысында қанша зеректік болса да, - деп жазды М. Дулатов, - ғылымсыз, тәрбиесіз кемеліне жетпейді. Кімде-кім өзінің табиғатына не нәрсеге шеберлік барлығын сезіп, өз жолына түссе ғана көзге көрінеді... Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқығанын да көріп тұрғандай боласың...»